

**Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 16 қыркүйектегі N 4071 өкіміне өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 8 маусымдағы N 55 Өкімі

"Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Шетелдік инвесторлар кеңесінің құрамы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 16 қыркүйектегі N 4071 өкіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

аталған өкіммен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Шетелдік инвесторлар кеңесінің дербес құрамына мыналар енгізілсін:

Коржова Наталья Артемовна - Қазақстан Республикасының Қаржы министрі,

Орынбаев Ербол Тұрмаханұлы - Қазақстан Республикасы Президентінің Өкімшілігі Басшысының орынбасары,

Школьник Владимир Сергеевич - Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрі,

Алберс Марк - "Эксон Мобил Продакшн" компаниясының президенті,

Берри Билл - "КонокоФиллипс" компаниясының атқарушы вице-президенті,

Джин Личун - Азия Даму Банкінің вице-президенті,

Джоханссон Карл - "Эрнст энд Янг ТМД, Лтд" компаниясының басқарушы серіктесі,

Киджима Цунао - "Митсубиси Интернешнл" корпорациясының президенті, Еуропа бойынша басқарма төрағасы;

"Мәсімов Кәрім Қажымқанұлы - Қазақстан Республикасы Президентінің көмекшісі"

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Мәсімов Кәрім Қажымқанұлы - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Экономика және бюджеттік жоспарлау министрі";

аталған Кеңестің құрамынан Д.Гарднер, А.Ф.Дунаев, Қ.Н.Келімбетов, С.М.Мыңбаев, Х.Накахара, Р.Тиллерсон, В.Т.Чанг шығарылсын.

*Қазақстан Республикасының*

*Президенті*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК